

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Думан АНАШ

Тұлпартерапия



Шығыс өңірі иппотерапия саласын дамытуда да көш бастап отыр. Соңғы бес жыл көлемінде елімізде тұңғыш рет мүмкіндігі шектеулі балаларды жылқы арқылы, яғни иппотерапиямен емдеу шаралары жүзеге асырылуда.

Қай заманнан атқа мініп келе жатқан қазақ саумал мен жал-жая, қазы-қартаның денге дәру, дәтке қуат екенін білсе-дағы, жылқыға мініп емделу дегенді қабылдай

қоймас... Жастайынан жабағыға жайдақ шауып, есейгенде ер қанатын ерттеп мінген ел емді еш қажетсінбейтін ерекше денсаулық кодына ие-тұғын. Ойымызды әріден сабақтасақ, жылқы қазақтың жаны еді. Еуразиялық кеңістікті ен жайлаған көшпенділер өркениетін құлату бағдарламасының бір бұтағы – жылқыдан айыру болған сияқты. Жылқыдан түскен жұрттың жүні жығылып қалады. Жанды жерінен қармалған қазақтың осы күйді кешкені тауарихымызда тәптіштелмесе де, там-тұмдап жазылды. Сөз зергері Ғабен, Ғабит Мүсірепов айтқандай, «жаяу қалған адам несімен адам, несімен қазақ?!»...

Мінсе – көлік, шапса – желік, ішсе – қымыз, жесе – ет болған жылқы жарықтықтың қаншама қасиетін пайымдағанымызбен парқын білмеген тұстарымыз да бар екен. Парқын білмегеніміз, парықсыздығымыз емес. Сірәғысын айтамыз. Иппотерапия – қазақтың қанына сіңіп, ұлттың дәстүрімен қабысып кеткен ежелгі ем болуы да кәдік. Айтар сөзіміздің арқауы – иппотерапия, яғни жылқымен емдейтін медицина саласы.

Бұл күнде ішкі қуаттың артықауысынан айырылу үшін адамдар аттракционға барады. Ал қазақтың аттракционы – атқа міну. Бабалар атқа мінуді биік өнер деңгейіне көтергені белгілі. Теңге ілу, қыз қуу, көкпар сияқты ұлттық қазына – адамның физикалық һәм психологиялық әлеуетін шындейтын шынайы ойындар. Орайымен ойласақ, халықтық дәстүр мен пайым емделуден бұрын, дерттің алдын алуға саяды екен. Ал заманауи иппотерапия ілімі – аурудан зардап шеккендерді емдеуімен ерекшеленеді.

Иппотерапия – жүйке жүйесі зақымданған науқасты емдеуге арналған медицина ғылымының бір тармағы. Яғни науқастың жүйкесін оңалтуға әсер ететін әдіс-тәсілдерге жылқы жануарын қолданады. Атқа отыру – адамға биохимиялық тұрғыда ықпал жасап, ағзаны нығайта түседі. Иппотерапия дәрігерлерінің айтуынша, жылқы бұлшық еттерінің қозғалысы массаж жасауға қабілетті көптеген элементтен тұрады және адам ағзасын ақырындап қыздырады. Өйткені, жылқы температурасы адамның дене қызуынан бір жарым градусқа жоғары болады. Атқа отырғанда тақымға берілетін жылу қан айналымын жақсартады. Тіпті, тақым арқылы тараған қан айналымы саусақтың ұшына дейін жүретін көрінеді. Ат ақырындап желгеннің өзінде 110 түрлі тербеліс тудырады екен. Желген кезде жануар бұлшық етінің қозғалысы мінген адамға беріледі. Салт жүргенде құлап қалмай, дұрыс отыра білу үшін қимылқозғалысты бақылап, тепе-теңдікті сақтау қажет. Міне, осындай кезде тірек-қимыл жүйесінің қызметі бұзылған науқастың күнделікті өмірде қимылсыз қалған бұлшық еттері іске қосылады. Сондай-ақ, бұл жүйке ауруының ауыр түрлерімен ауырған науқастарға қоршаған ортаны өз үйлесімімен қабылдауға, жаратылысқа ынталы болуына көмектесіп, жүректің қызметін жеделдетеді.

Иппотерапия – жұлынға зақым келгенде, миға қан құйылғанда, бас сүйек-ми жаракатын алғанда, мінез-құлық өзгеріске ұшырағанда, көңіл-күй төмендегенде, ұмытшақтық пайда болғанда, шорбуынға және тірек-қимыл аппараты қызметі бұзылғанда, бір сөзбен айтқанда, адамның жүйке жүйесіне қатысты ауруларды емдеуге қолданылады. Тіпті есту қабілеті мен көздің көруі нашарлағанда да иппотерапияға сүйеніп, ем қабылдауға болады десе-ді. Атқа мінуге дағдылану адамның сымбатты болуына да оң әсер етеді.

Әлемдік медицинада иппотерапияның алғашқы тұжырымдамасы Гиппократтың еңбектерінде кездеседі. XVIII ғасырдың ортасында энциклопедияшы Дени Дидро «Атпен жүрудің денсаулықты сақтаудағы маңызы» атты трактатында жаттығулардың ішінде алғашқы кезекте атқа мінуді атап, оның көмегімен көптеген ауруларды емдеуге мүмкіндік бар екендігін жазды. Иппотерапияның адам ағзасына өте пайдалы екендігі XIX ғасырдың соңында ғылыми түрде зерттеле бастады. Еуропадағы ақсүйек әулеттердің жылқымен көп әуестенуінің бір ұшығы оны физикалық ем ретінде қабылдауда жатыр. Жарты ғасыр бұрын Германия, Швейцария және Австрия сияқты мемлекеттерде иппотерапия қосымша емдік курс ретінде пайдаланыла бастады. 1980-жылдардың соңында америкалық және канадалық терапевтер Германияда осы ілімді үйреніп, Солтүстік Америка қоғамына енгізді. Соның нәтижесінде 1992 жылы АҚШ-та алғашқы америкалық иппотерапевтер қауымдастығы құрылған болатын.

Соңғы жылдары елімізде де иппотерапиялық емдеу бағдарламасына жүгінушілер қатары көбейіп келеді.

* * *

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс. Бұл қоғам алдындағы біздің парызымыз», деп атап көрсеткен болатын.

Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың қолдауымен Винное ауылында иппотерапия орталығы ашылып, еліміздегі ең алғашқы емдеу курстарын жүзеге асыра бастады.

Глубокое ауданына қарайтын Винное елді мекені облыс орталығынан аса қашық емес. Осы ауылдағы «Титан» ат спорты кешенінде денсаулығында кемістігі бар балаларға арнайы үйретілген аттар арқылы емдеу шаралары қолданылады. 2009 жылы басталған игілікті іс жылдан жылға өріс алып келеді. Атаулы көмектің керегесін кеңейте түсу мақсатында облыс әкімдігі мен «Титан» ЖШС арасында екіжақты келісім орнады. Мемлекет жеке меншік әріптестігі негізіндегі келісімге сәйкес, төбесі жабылған манеж құрылысы жүргізілді. Соның арқасында иппотерапия орталығының есігі бұл емді пайдаланушыларға қысы-жазы ашық деуге болады.

Үкіметтік емес ұйымдармен тиімді әріптестік байланысқа қол жеткізген жағдайда қоғамда азаматтық іс-шаралар белсенді көзге түсе бастайды. Мұның жарқын көрінісі – Винное ауылындағы манежде жұмыс істеп жатқан «Ақ тай» мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау қоры» қоғамдық бірлестігі. Жуырда қоғамдық ұйымның жетекшісі Бақыт Солтановамен тілдескен едік.

– Біз бұл жұмысты 2009 жылы қолға алған болатынбыз. 2012 жылға дейін 37 мүмкіндігі шектеулі балаға иппотерапиялық ем жасадық. 2012 жылдың желтоқсан айында облыс әкімдігі бізге жабық манеж құрылысын салып берді. Осыдан кейін жұмысымыз жанданып, ісіміз алға басты. Бүгінге дейін орталықта 127 мүгедек бала иппотерапиялық емдеудің толық курсынан өтті. 2013 жылы бюджеттен бөлінген қаржы арқылы 80 бала емделді. Олардың ішінде тірек-қимыл аппараты қызметінің бұзылуы, аутизм сынды түрлі жүйке ауруына ұшыраған балалар бар, – дейді Бақыт Солтанова.

«Ақ тай» қоғамдық бірлестігі жетекшісінің айтуынша, «Титан» ат спорты кешеніне күн сайын әрқайсысы 10 баладан тұратын төрт топ иппотерапиялық ем қабылдауға келеді. Иппотерапевт нұсқаушылар әр баланы жарты сағаттан атқа мінгізеді. Балаларды қаладан күнделікті автобуспен тасымалдайды. Ал ем қабылдаушылардың тізімін облыс орталығының медициналық мекемелері бекітеді. Бұл жұмыстар биыл да жалғасын табады.

Жалпы, иппотерапия орталығында 23 адам жұмыспен қамтылып отыр. Олардың арасында психолог, медициналық-әлеуметтік қызметкерлер, әдіскерлер, нұсқаушылар және жылқышылар бар.

Орталық қызметкерлері шетелден келген мамандармен тәжірибе алмасып тұрады. Былтыр Мәскеу қаласынан келген осы саланың шеберлері семинар өткізді. Ресейлік иппотерапевтер біліктілігі артқан мамандарға арнайы сертификаттар табыстады. «Оңалтушы, иппотерапевт-нұсқаушы» біліктілігін алған ат спорты кешенінің мамандары енді республика бойынша иппотерапевт мамандарын дайындай алады.

Иппотерапия – балаға психоэмоционалдық және биомеханикалық тұрғыдан екіжақты әсер етеді. Атқа міну, жылқы жануарын бағындыру жарымжан бала үшін үлкен жетістік. Сал ауруымен ауыратын бала өздігінен аяғын баса алмайды, ол өзін салт атты адам сезінгенде өз аяғымен жүргендей, психоэмоционалдық тұрғыдан әсер алады. Жылқы жүрісінің тербелісі және артқа, алға шайқалу арқылы баланың тірек-қозғалыс жүйесіне әсер етуге болады, деген еді семинарға арнайы келген Александр Денисенков. Ол – Мәскеудегі жылқымен емдеу және мүгедектер ат спорты федерациясының президенті.

Шығыс өңірінде ғана емес, тұтас Қазақстанда иппотерапия мамандарын әзірлейтін оқу орталығы осыған дейін болмаған. Олқылықтың орнын тұңғыш рет Шығыс Қазақстан облысы толықтырып отыр. Бұл кешеннің алдағы уақытта еліміздегі иппотерапия орталығы болуға толық мүмкіндігі бар.

– Қазақстан бойынша иппотерапия мамандарын дайындайтын оқу орны жоқ. Мұндай мамандарды Париж, Тбилиси және Мәскеу қалаларында ғана даярлайды. Біздің иппотерапия саласында бес жыл тәжірибеміз бар. Десе де, біліктілікті жетілдіріп отыру керек. Осыған орай Мәскеуден білікті мамандарды шақырып, халықаралық сертификаттар алдық. Екі аптаға созылған семинарға Ақтау, Орал қалалары мен облыстың Үржар және Аягөз аудандарынан қатысушылар келді, – деді Бақыт Солтанова.

Бақыт Солтанованың айтуынша, «Титан» ат спорты кешенінде емдеуден өткен балалардың 90 пайызына иппотерапиялық курстар оң әсер еткен. Мысалы, 9 жасар Тимур Сәдуақасовты анасы Мәриям Шалыспаева аптасына үш мәрте иппотерапия орталығына әкеледі. Балаға психолог, иппотерапевт-нұсқаушы мамандар жарты сағат бойы жеке ем-дом жүргізеді. Негізі, қатаң іріктеуден өткен жануарлар әкелініп, әбден үйретілетіндіктен мұндағы жылқылар өте жуас болып келеді. Солай болуы тиісте. Себебі, түрлі сырқат балалар атқа отырғанда оны ұрып, тістеп, басқа да оқыс әрекеттер жасауы мүмкін. Мұндай жағдайларға жылқыны алдын ала үйретеді. Яғни дайындық кезеңінде жылқыны ұрып, соңыра қант беріп отыру арқылы шыдамын, төзімділігін арттырады. Жылқы малы мұның қажеттілік екенін өте жақсы түсінеді.

– Менің ұлым бұл орталыққа өткен жылдың қазан айынан бері келіп жүр. Емделудің жағымды нәтижесі байқалады. Бала өзіне назар аударуды сезіне бастады, ақырындап сөйлеуге тырысады. Мінез-құлқы да өзгеріп, көңілкүйі көтерілді, – дейді Мәриям Шалыспаева.

Нұсқаушы-иппотерапевтер жылқыға өз денесінің тепе-теңдігін сақтап отыра білген баланың ішкі жігері оянатынын айтады. Бала атқа мінгенде оқыс қимылдағанды сезінеді. Олар үшін атқа дұрыс отыру мен желудің маңызы ерекше.

– Біз жылқының баланың бойындағы ауруды өзіне сіңіріп алатынын байқай бастадық. Сондықтан, бір жылқыға күніне алты баладан артық мінгізбейміз, – дейді иппотерапевт-нұсқаушы Елена Черникова.

Мамандар ем-домға қажетті жылқыларды әр жерден іздеп, тауып әкеледі. Аттар екі ай бойы үйретіледі. Қазіргі кезде «Титан» кешенінде оннан астам ат бар.

Иппотерапия емінің нәтижесін былтыр мүмкіндігі шектеулі балалар арасында өткен ат жарыстан да байқауға болады. Тұңғыш рет өткізілген жарысқа ақыл-ой және физикалық дамуында кемістігі бар он алты бала қатысты. Жеті жастан жиырма жасқа дейінгі жарымжан балалар үш түрлі ереже бойынша өздерінің әлеуетін танытты. Атқа салт мініп жүру, желу, кедергілерді бағындыру және қаданы айналу сияқты жаттығуларды орындауда барлығы да ұпайлар жинап, сыйсияпаттарға ие болды.

Жарыста өзінің ептілігін ең жоғары деңгейде көрсете білген баланың бірі – Фаик Насибов. Он бес жастағы Фаик иппотерапия емін екі жылдан бері қабылдап келеді. Ал жеті жасар бүлдіршін Мария Семейнова жарыстың ең кішкентай қатысушысы болса да, өз қорқынышын жеңіп, атқа мініп жүруді меңгергендігін көрсетті. Тірек-қимыл жүйесі қызметінің бұзылуымен ауыратын баланың анасы Светлана Григорьева бес жыл бойы емделгенде нәтиже бермеген бала денсаулығы иппотерапияның арқасында бес айдың ішінде оңала бастағанын айтады. Жалпы, мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Айта кеткен ләзім, Винное ауылындағы жабық манеж құрылысына облыс бюджетінен 180 миллион теңге бөлінсе, жыл сайын сырқат балаларды емдеуге де бюджеттен қаржы қарастырылып отыр. Оған дейін аталған орталық демеушілердің қаражаты арқылы жұмыс істеген болатын. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде дәрігерлер шарасыздық танытқан түрлі науқастарды қолдау аясы кеңейе түсті. Бұл ретте Қазақстан – әлемде иппотерапияны қаржыландырып, қолдап отырған тұңғыш мемлекет болып саналады.

Әрине, үлкен жігер мен жүйкені қажет ететін орталық қызметкерлерінің еңбегі елеусіз қалған жоқ. Былтыр Винное ауылындағы иппотерапия орталығы Астанада өткен он үздік әлеуметтік жобаның санатына ілікті. Бұл – орталықтың ғана емес, облыстың да жарқын жеңісі.

Өскеменде «Үлбі» халыққа әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығының жанынан ашылған жүйке дертіне шалдыққан балаларға арналған күндізгі орталық қызметкерлерінің айтуынша, иппотерапия қызметіне жүгінгісі келетін ата-аналар қатары жыл сайын артып келеді.

Осыдан оншақты жыл бұрын жазушы, көрнекті қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза «Алматы ақшамы» газетіне берген сұхбатында былай деген еді:

«Менің спортым – ат. Баяғы бабам бокстаспай-ақ, коньки, шаңғы теппей-ақ, штанга көтермей-ақ, атпен жүріп, көкпар тартып шыныққан екен ғой. Ауылда атым бар. Екі-үш сағат атпен жүріп қайтсаң, соның өзі үлкен ем-дом. Мына ішек-қарныңда қатып қалған пәле-пәтірдің бәрі жібиді. Біздің ішегіміз қурап қалған. Ашаршылықта туғанбыз. Шешеміздің емшегінде бізге беретін сүт жоқ. Кішкентай талқанды шүберекке түйіп, оны суға малып, сөлін аузымызға тамызады екен. Ол анаңның сүті емес, талқанның суы ғой. Сол арқылы кірпік кимылдатып, тірі қалған адаммын. Ал отыз екінші жылы мен ғана емес, миллиондаған бала дүниеге келді. Сонан кейін соғыс жылдарына тап келдік. Тағы ашаршылық. Соғыстан кейін де оңған заман болған жоқ. 1948 жылға дейін карточкамен өмір сүрді жұрт. 1948 жылы интернатта аузымызды толтырып нан жегеніміз есімізде. Қара нанды тоя жеп едік. Аузымыз толғанша, аямай тығып жегенбіз. Соған мәз болдық. Соның арқасында мына ішектің бәрі ауруға ұшыраған. Ал оның бірден-бір емі – сол атқа мінген. Адамның бойындағы барлық ауруды жазады. Өліп қалған клеткаларың қайтадан тіріле бастайды. Және соны сезесің».

Шерағанның шер тарқатқан сөзінен көп дүниені ұғуға болады.

* * *

Биыл – Жылқы жылы. «Дарвин маймылдан жаралса жаралған шығар, біз арғымақтан жаралғанбыз» деген екен Асқар Сүлейменов. Жылқы туралы Сүлейменовтен бұрынғы сөз сүлейлері де айтқан, кейінгілер де қалысқан емес. Барлығы түбін түсіріп айтады. Өйткені, жылқы араласқан сөздің дәмі, ортаның сәні кіреді. Сәйгүлік – сәніміз. Бәсіресі бәйге шыққан баланың бағы бес елі. От пен суды қазақ пен жылқы бірге кешті.

...Әркім өз атасын айтады ғой. Қазақтың атасы – Қамбар!

Отанымыздың шалғай шығысында, Алтайдың атан асқарында мыңжылдықтар бойы Берел бауырына басып жатқан көне тас қорғандардың астынан қасиетіңнен айналайын бабаларымызбен бірге жылқы жарықтық та табылғаны белгілі. Жаздың жайма-шуақ күнін де осы ұлы өркениетті көрудің сәті түскен. Археолог азаматтарымыз жерленген адамның қасындағы жылқы саны оның әлеуметтік дәрежесін, дәрегейіне қанша ел құлағанын білдіреді деп жатты. Патшалар жазығын жылқымен бірге жастанып жатқан жаужүрек бабалар қорғанының қасында ойдан ой боталады: ер қанатын ертеде көрге де бірге ала кетіпті. Бұл жылқы жануарына деген ұлы махаббат, кіршіксіз сенім, риясыз достық қой! Шығыстың тағы бір таңғажайып мүйісі Ақбауырды алайық. Қола дәуірінен бері қарай салынған тастағы таңбалар мен петроглифтерде жылқылар бейнеленген. Және жай жайылып жүрген жуас жылқы емес. Қасқыр мен бұғы қуып жүрген жылқылар қашалған. Ғылыми түсініктеме жазғысы келген әлдекімдер, оны «жыртқыш жылқылар» депті. Құдай-ау, бұлар тарпаңдар ғой. Бүгін бүкіл әлем бұршақ салып мойындап отырған «Жылқының отаны – Қазақ елі» деген сөздің тасқа басылған мөрі ғой! Тұяғын тарпып, кең даланың апшысын қуырған жабайы жылқылар Шығыстан тарағанының көрінісі емес пе! Ендеше, иппотерапияның осы өлкеден бастау алуында да белгілі заңдылық бар сияқты.

Иә, жөні бөлек жылқы туралы іркілмей айта беруге болады.

Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы.